

SVEN®
YOU WANT – WE CAN

Кернеу тұрақтандырғышы

ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ



SOHO 1000
SOHO 2000

www.sven.fi

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

SOHO 1000 SOHO 2000

SVEN сауда маркасының кернеу тұрақтандырғышын сатып алғаныңыз үшін рахмет!

Құрылғыны пайдалану алдынан осы нұсқаулықпен мұқият танысып, оны бүкіл пайдаланатын кезең ішінде сақтап қойыңыз.

АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ

© 2014. SVEN PTE. LTD. 1.0 (V 1.0) нұсқасы.

Осы нұсқаулық пен оның ішіндегі ақпарат авторлық құқықпен қорғалған. Барлық құқықтар қорғалған.

САУДА МАРКАЛАРЫ

Барлық сауда маркалары олардың заңды иелерінің меншігі болып табылады.

ШЕКТЕУЛІ ЖАУАПКЕРШІЛІК ТУРАЛЫ ЕСКЕРТУ

Нұсқаулық барынша дәл болу үшін барлық күш салынғанына қарамастан, кейбір сәйкессіздіктер болуы мүмкін. Осы Нұсқаулықтың ақпараты «дәл солай» шарттарында берілді. Автор мен баспагер, осы Нұсқаулықтағы ақпараттың кесірінен келтірілген залал үшін біреудің немесе ұйымның алдында ешбір жауап бермейді.

ҚАПТАМАСЫН АШУ

Бұйымның қаптамасын мұқият ашыңыз, қораптың ішінде әлдебір керек-жарақтардың қалып қоймауын қадағалаңыз. Құрылғыда залал болмауын тексеріңіз. Егер бұйым зақымдалған болса, жеткізумен айналысатын фирмаға жүгініңіз; егер бұйым істемейтін болса, бірден сатушыға жүгініңіз.

МАЗМҰНЫ

1. ҚОЛДАНЫЛУЫ	2
2. ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ	2
3. ЖИЫНТЫҚТЫЛЫҚ	2
4. ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	3
5. СИПАТТАУ	3
6. ҚОСЫЛУЫ	3
7. АҚАУЛАРДЫ ЖОЮ	5
8. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР	6

***Техникалық қолдау www.sven.fi сайтында орналасқан.
Осында Сіз осы Нұсқаулықтың жаңартылған нұсқауын таба аласыз.***

1. ҚОЛДАНЫЛУЫ

SOHO сериясының кернеу тұрақтандырғыштары үйде қолдануға арналған және екі құрылғының жұмысын атқарады: ток тұрақтандырғышы және ұзартқыш-сүзгі. Олар сіздің электронды техникаңызды желідегі тұрақсыз токтан қорғауға арналған. Кернеу тұрақтандырғышын теледидардың кез келген түрін, DVD-ойнатқыштарын/рекордерлерін, аудиотехниканы, компьютерлік және тұрмыстық электрониканы қорғау үшін пайдалану ұсынылады. SOHO кернеу тұрақтандырғыштары желідегі кернеу 170 В-тан 270 В-қа дейін өзгергенде өзіне қосылған құрылғыны 220 В ± 8 % диапазонында қоректендіруді қамтамасыз етеді. Желідегі ток 270 В-тан асып кетсе, немесе 140 В-тан төмендегенде қорғау жүйесі оны жүйеден қауіпсіз ажыратады. Кіріктірілген желілі сүзгі қосылған құрылғыны импульсті кедергілерден қорғайды.

Тұрақтандырғыштың 2 байпас розеткасы тұрмыстық және компьютерлік техниканы электрмен жабдықтау желісіне үнемі қауіпсіз қосып қоюға және оларды импульсті және жоғарыжиілікті кедергілерден қорғауға арналған, сонымен бірге онда өзіне қосылған құрылғыларды шамадан тыс ток пен қысқа тұйықталудан қорғайтын кіріктірмелі қорғау бар.

2. ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ

- Тұрақтандырғышты кернеуі 380 В желіге қоспаңыз.
- Құрылғы корпусын ашуға үзілді-кесілді тыйым салынады – ішінде жоғары ток бар. Қиындықтар туа қалған жағдайда нұсқаулықты оқыңыз немесе өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз. Сервис орталықтарының тізімін www.sven.fi сайтынан көре аласыз.
- Қоршаған ортаның температурасы «Техникалық сипаттамалар» тарауында көрсетілгенге сәйкес болмаған жайтта тұрақтандырғышты пайдаланбаңыз.
- Тұрақтандырғыш жұмыс істеген кезде оның корпусы қызады – тұрақтандырғышты ауаның тек жақсы конвекциясында ғана пайдаланыңыз.
- Тұрақтандырғышты және апаттық жағдайларда желіден қуат көзінің сымын ажыратыңыз.
- Қосуға арналған розетка құрылғыға жақын жерде және қолайлы болуға тиіс.
- Өздігінен ашып жөндемеңіз.
- Тұрақтандырғышқа қуаты рұқсат берілгеннен асатын тұрмыстық аспаптарын қоспаңыз.
- ▲ Электрқыздырғыш аспаптарын қосуға тыйым салынады.



Назар аударыңыз! Корпустың ішінде оқшаулаусыз элементтерде электр тоғы тиетін жоғары кернеуі бар.

3. ЖИЫНТЫҚТЫЛЫҚ

- Кернеу тұрақтандырғышы – 1 дана
- Пайдалану жөніндегі нұсқаулық – 1 дана
- Кепілдік талоны – 1 дана

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

SOHO 1000 SOHO 2000

4. ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

- Токтың автоматты реттеуіші мен ұзартқыш-сүзгі бір құрылғыда
- Микропроцессорлы басқару
- Кіріктірілген жылы қорғанышы бар тороидалды трансформатор
- Жоғары/төмен токтан, шамадан тыс ток пен токтың қысқа тұйықталуынан, импульсті және жоғары жиілікті кедергілерден қорғау
- Корпусы жанбайтын соққыға төзімді пластиктен жасалған
- Жұмыс режимдерінің светодиодты индикациясы

5. СИПАТТАУ

① Биметалл ажыратқыш. Тұрақтандырылған розеткаларға қосылған құрылғыларда қысқа тұйықталу болған кезде іске қосылады

② БАЙПАС тобының розеткалары. Тұрақты токты қажет етпейтін құрылғыларды қосуға арналған

③ СТАБИЛИЗАТОР индикаторы. Желідегі токтың шамадан жоғары/төмен екені жайлы сигнал береді

④ ЗАЩИТА индикаторы. Токтың жұмыс диапазоны шегінен шығып кеткені жайлы немесе прибордың жарамсыздығы жайында сигнал береді

⑤ Тұрақтандырғыш ажыратқышы


⑥ СЕТЬ индикаторы. Үнемі желіде ток бар кезде жанып тұрады

⑦ СТАБИЛИЗАТОР тобының розеткалары. Тұрақты токты қажет ететін құрылғыларды қосуға арналған

6. ҚОСЫЛУЫ

Ескерту! Тұрақтандырғышты қосардың алдында барлық тұтынушы-құрылғылардың ажыратылғанына көз жеткізіңіз.


• Тұрақтандырғышты қосардың алдында барлық тұтынушықұрылғылардың жалпы қуаты тұрақтандырылған розеткалар бойынша да, байпас розеткалары бойынша да прибордың мөлшер-дегі қуатынан аспайтынына көз жеткізіңіз.



1-сурет. Үстінен қарағандағы

Сонымен бірге, жіберілетін әлеуеттер мен тұтынушылардың қуат факторын ескере отырып, қуат қорын 1,2-1,5 коэффициентімен, ал тоңазытқыш, кондиционер және басқа электрқозғалтқыштары үшін – 1,5-2 есе қамдау керек.

Назар аударыңыз! Тұрақтандырғыш таңдарда, кіріс кернеуі азайса, кіретін ток шамасы көбейетінін, осыдан барып, тоқты автоматты реттеуішінің максимальды қуаты да азайатынын білу керек! Бұл тәуелділік схема түрінде графикада көрсетілген:



Ескерту. Таңдау кезінде және кейінірек пайдаланған кезде де осы тәуелділікті қатаң ұстану керек. Осы жағдайды сақтамаңыз қорғау жарамсыз болып қалуы мүмкін!

- Қажетті қондырғыларды (тұрақтандырғыш ажыратылған күйінде) СТАБИЛИЗАТОР ⑦ тобының розеткаларына немесе БАЙПАС ② тобының розеткаларына қосыңыз.
- Тұрақтандырғышты 220 В тұрмыстық желіге қосыңыз да, ⑤ ажыратқышын басыңыз. Осыдан соң ғана тұтынушы-құрылғыларды қосылып тұрған тұрақтандырғышқа біртіндеп қосыңыз.
- Қосқан мезетте қысқа уақыт барлық светодиодты индикаторлар жанады. «СЕТЬ» ⑥ индикаторы желіде ток болған жағдайда үнемі жанып тұрады. «ЗАЩИТА» ④ индикаторы 6 секунд өзін-өзі тестілегеннен кейін өшеді, содан соң тұрақтанған ток «СТАБИЛИЗАТОР» тобының шығыс розеткаларына түседі. Желідегі кіретін ток белгіленген мөлшерден (220 ± 8 %) асып кетсе, «СТАБИЛИЗАТОР» ③ индикаторы тұрақтандырғыштағы ток жоғарылап/төмендеп тұрғанын хабарлап, үнемі жанып тұрады, ток өз шамасына келгенде, өшеді.

Назар аударыңыз! Егер «ЗАЩИТА» ④ және «СТАБИЛИЗАТОР» ③ индикаторлары үнемі жанып тұрса, тұтынушы-құрылғыларды БАЙПАС тобының розеткаларына қоспау ұсынылады!

- СТАБИЛИЗАТОР ⑦ тобының розеткаларына тым үлкен әлеует қосылған жағдайда трансформаторда шамадан тыс әлеует болады (қатты қызу). Тұрақтандырғыш бұл розеткаларға токты жібермейді (трансформатор мөлшердегі деңгейден асып, қызып кеткен жағдайда), сол кезде «ЗАЩИТА» ④ индикаторы жанып тұрады. Қосылған әлеуеттердің қуаты тұрақтандырғыш параметрлеріне сәйкестелген соң және трансформатор суыған соң тұрақтандырғыш автоматты түрде қосылады («ЗАЩИТА» ④ индикаторының жыпықтауы 6-секундтық өзін-өзі тестілеуден кейін тоқтайды).

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

SOHO 1000 SOHO 2000

• Ток шамадан тыс берілсе (140 – 270 В) тұрақтандырғыш СТАБИЛИЗАТОР ⑦ тобының розеткаларына ток жіберуді тоқтатады, «ЗАЩИТА» ④ индикаторы жанады. Ток кернеуі дұрысталған кезде, тұрақтандырғыш автоматты түрде қосылады («ЗАЩИТА» ④ индикаторының жыпықтауы 6 секундтық өзін-өзі тестілеуден соң өшеді).

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Желіде электр қуаты жоғалған жағдайда тұрақтандырғышты және барлық тұтынушы-құрылғыларды ажыратып, ал оларды тек электрмен жабдықтау толығымен қайта түзелгенде ғана қосу ұсынылады.

• СТАБИЛИЗАТОР ⑦ тобының розеткаларына қосылған құрылғыларда токтың қысқа тұйықталуы болса, биметалл ажыратқышы ① жарамсыз болады. Қысқа тұйықталудың себебін жойғаннан кейін, ажыратқыш ① түймесін басу керек, сонда тұрақтандырғыш қайтадан жұмысын жалғастырады.

• БАЙПАС ② розеткаларына қосылған құрылғыларда токтың қысқа тұйықталуы болса, корпусының ішіндегі балқитын сақтағыш жарамсызданады, тұрақтандырғыш бұл розеткаларға ток жіберуді тоқтатады. Балқитын сақтағышты ауыстыру үшін жақын маңдағы сервис орталығына хабарласыңыз.

Назар аударыңыз! Егер «ЗАЩИТА» ④ индикаторы жанса, приборға қосылған барлық тұтынушы-құрылғыларды ажыратуды ұсынамыз.

7. АҚАУЛАРДЫ ЖОЮ

Мәселе	Себебі	Шешімі
Тұрақтандырғыш қосылмайды.	1. Ажыратқышы қосылмаған. 2. Қоректендіру розеткасында ток жоқ. 3. Биметалл ажыратқыш жарамсызданды. 4. Аса күшті әлеует қосылды.	1. Тағы бір рет басыңыз. 2. Қоректендіру тогы бар екеніне көз жеткізіңіз. 3. Әлеуеттердің біразын ажыратып, тұрақтандырғышты қайта қосыңыз. 4. Әлеуеттердің біразын ажыратыңыз.
Тұрақтандырғыш қосылады, бірақ шығатын ток жоқ.	Тұрақтандырғыш жарамсыз.	Мәселе шешілмесе, сервис орталығына хабарласыңыз.
Тұрақтандырғыш өшіп қалды да, «ЗАЩИТА» индикаторы жанып тұр.	Розеткаларға қосылған құрылғыларда токтың қысқа тұйықталуы болып тұр.	Қысқа тұйықталудың себебін жойып, тұрақтандырғышты қайта қосыңыз.
Тұрақтандырғыш әлеуетті өшіріп тастады. «ЗАЩИТА» ④ индикаторы жанып тұр.	Кіретін ток ықтимал тұрақтандырудың 140–270 В диапазонынан асып тұр.	140–270 В диапазонында кіретін ток қалпына келтірілсе, тұрақтандырғыш автоматты түрде қосылады.

Егерде жоғарыда аталған тәсілдердің біреуі де мәселені шешпесе, жақын жердегі сервиорталыққа кәсіби кеңес алу үшін өтінішпен барыңыз. Бұйымды өз бетіңізбен жөндемеңіз.

8. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

Параметрлер/Үлгері	SOHO 1000	SOHO 2000
Тұрақтандырылған шығыстар:		
Максималды мөлшердегі әлеует,	400	800
Автоматты сақтағыш, А	4	7
Кіріс кернеуі, В	140 – 270	
Қажетті кернеуі, В	220 ± 8 %	
Жиілік, Гц	50	
Шығыс розеткалары, дана	2 × CEE7/4	
Қорғау	желідегі жоғары./төмен токтан, жоғарывольттық импульстерден, тоқтың қысқа тұйықталуы мен шамадан тыс берілуінен; кіріктірілген жылы қорғау	
Байпас шығыстары:		
Максималды мөлшердегі әлеует, Вт	1300	
Максималды ток, А	6	
Тұрақты кернеу, В/Гц	~220/50	
Шығыс розеткалары, дана	2 × CEE7/4	
Қорғау	тоқтың қысқа тұйықталуы мен шамадан тыс берілуінен, импульсті және жоғарыжиілікті кедергілерден	
Жалпы сипаттамалар:		
Кіру ашасы, дана.	1 × CEE7/7	
Индикаторлар	желіге қосу, қорғау, тұрақтандыру режимі	
Жоғарывольтты импульстердің макс. басатын энергиясы, Дж	125	
Қоршаған ортаның жұмыс жағдайы	0–40 °С, 10–90 % ылғалдылық, конденсациясыз	
Жіптің ұзындығы, м	1,5	
Өлшемдері, мм	140 × 100 × 250	

* Кернеу тұрақтандырғыштарының шығыс қуаты кіретін ток үшін 187 В (220 В – 15 %) болып мөлшерленеді (ГОСТ 27699–88 талаптарына сай).

Ескертулер:

- *Кестеде келтірілген техникалық сипаттамалар, анықтамалар наразы білдіру үшін негізі болып табылмайды.*
- *SVEN сауда маркасының өнімдері үнемі жетілдіріледі. Сол себептен техникалық сипаттамалар алдын ала ескертілмей өзгеруі мүмкін.*

Кернеу тұрақтандырғышы

SVEN®
YOU WANT – WE CAN



Үлгері: **SOHO 1000/2000**

Импортерлер СМ SVEN Қазақстан республикасында:

«ST Networks» ЖШС, Қазақстан Республикасы,
050013, Алматы, Республика алаңы, Фурманов
көшесінің бұрылысы, үй 13/195, 13Б кеңсе,
тел.: +7 (727) 266 36 13, e-mail: info@stn.kz.
«Alon Logistics» ЖШС, Қазақстан Республикасы,
Алматы қаласы, Мақатаев көшесі, 117.

Сапа жөніндегі талап-тілектерді Қазақстан
Республикасы аумағында «О-Си-Эс Казахстан»
ЖШС-гі қабылдайды. Мекенжай: Қазақстан Рес-
публикасы, Алматы қаласы, Мақатаев көшесі, 117,
тел.: +7 (727) 352-86-68, e-mail: kz@ocs.ru.

Өндіруші: «СВЕН ПТЕ. Лимитед», 176 Джу Чиат Роуд,
№ 02-02, Сингапур, 427447. «Свен Скандинавия
Лимитед» бақылауымен өндірілді, 48310,
Финляндия, Котка, Котolahdentие, 15.

Manufacturer: SVEN PTE. LTD, 176 Joo Chiat Road,
№ 02-02, Singapore, 427447. Produced under the
control of Oy Sven Scandinavia Ltd. 15, Kotolahdentie,
Kotka, Finland, 48310. Made in China.

© Registered Trademark of Oy SVEN
Scandinavia Ltd. Finland.

SOHO 1000
SOHO 2000